

**“2020 – 2022 жылдарға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті туралы”
Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-15 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 68-6 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 7940 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-15 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7142 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2020 жылғы 18 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 133 670 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 1030 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 0;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
 - трансферттер түсімдері – 132 640 мың теңге;
- 2) шығындар – 133 670 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
 - бюджеттік кредиттер – 0;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

қарыздар түсімі – 0;
 қарыздарды өтеу – 0;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының 68-сессиясының төрағасы *К. Сулейменов*

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы *М. Еспанов*

Жалағаш аудандық мәслихатының
 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 68-6
 шешіміне қосымша
 Жалағаш аудандық мәслихатының
 2019 жылғы 27 желтоқсаны № 51-15
 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы
	Сыныбы			, мың теңге
	Кіші сыныбы			
		Атауы		
		Кірістер		133 670
1		Салықтық түсімдер		1 030
	01	Табыс салығы		81
	2	Жеке табыс салығы		81
	04	Меншікке салынатын салықтар		949
	1	Мүлікке салынатын салықтар		17
	3	Жер салығы		82
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		850
2		Салықтық емес түсімдер		0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер		0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер		0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер		0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		0
4		Трансферттердің түсімдері		132 640
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер		132 640
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		132 640
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

		Атауы	
		Шығындар	133 670
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 843
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25843
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21668
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1130
	032	Ведомостволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	3045
04		Білім беру	70 114
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	70 114
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	70 114
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 234
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2234
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	841
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	229
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1164
12		Көлік және коммуникация	5 000
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5000
	045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	5000
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	23 474
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23474
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	23474
13		Басқалар	6 355
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6355
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	6355
15		Трансферттер	650
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	650
	051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	650
		Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0